

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Фердинанд де Соссюр  
«Жалпы лингвистика курсы»  
(жалғасы)



**Мақсаты:** Соссюрдің теңестіру координаттарын бір уақытта (AB) және реттілікке сәйкес (CD) қарастыру тұжырымдарын талдау; сол арқылы статикалық және эволюциялық лингвистиканың даму ерекшеліктерін анықтау, синхрондылық мен диахрондылықтың әдістері мен ұстанымдарын жүйелеу.

**Кілт тіркестер:** статикалық және эволюциялық лингвистика, тілдің екіұдайылық табиғаты, синхрондылық, диахрондылық, лингвистикалық заңдылық.

**Негізгі идеялары:**

- Ғылыми зерттеулердегі екіұдайылық.
- Теңестірудің нақты координаттары.
- Статикалық және эволюциялық лингвистика мәселелері.
- Синхрондылық и диахрондылық: әдістері мен ұстанымдары.

Фердинанд де Соссюрдің «Жалпы лингвистика курсы» атты еңбегіне қатысты әңгімемізді жалғастырамыз. Әңгімеміз статикалық және эволюциялық лингвистика, синхрондылық және диахрондылық төңірегінде болмақ. Алдыңғы дәрістерде аталып өткендей, тілдік таңба туралы ілім ғылымдағы құрылымдық бағыттың дамуын дәйектеді. Бүгін ғылымның ішкі екіұдайылығы туралы сөз еткенде, біз статика және эволюция ұғымдарының мағыналық кеңістігін анықтап алу мақсатын көздейміз. Соссюрдің өз сөзіне жүгінейік: «Лингвистикада уақыт атты фактордың пайда болуы тіл білімінде өзіндік қиындықтар тудыратынын көп тілшілер түсіне ме екен. Көптеген ғылым салалары бұл тамырынан өрбитін екіұдайылық туралы хабарсыз да, өйткені уақыттың оларға тигізер әсері айтарлықтай байқалмай жатады. Мысалы, астрономия аспан әлемінде болатын өзгерістерді байқай тұра, екі түрлі бағытты көздейтін пәндерге бөлінуді мақсат еткен жоқ. Геология да әрдайым уақытпен өлшенетін реттілікке бағынған өзгерістермен қатар дамып отырады, дегенмен, жердің қазіргі құрамын зерттеуде ол мүлдем басқа ғылымның көмегіне жүгінбейді. Құқықты сипаттайтын ғылым саласы бар да, құқық тарихын жеке зерделейтін ғылыми бағыт бар, бірақ бұл екеуі бір-біріне қарсы қойылмайды. Мемлекеттердің саяси қалыптасу тарихы уақыт шегінде дамытыла зерттеу нысанын құрайды, алайда тарихшы бір ғана кезеңнің аясында орын алған оқиғаны суреттеген кезде біз тарихтан ауытқып кеттік-ау деген әсерде болмаймыз» (1). Демек, кез келген құбылыстың не оқиғаның эволюциялық даму нәтижесінде белгілі бір уақыт аралығында, кешегі күн мен бүгінгі күннің сабақтастығында қалыптасатынына көз жеткізу қиынға соқпайды. Тағы бір ескерер мәселе, бұл уақытқа бағынған өлшемдер барлық ғылым салалары үшін бірдей маңызды деуге де болмас.

Оқырмандар мен ғылыми көпшілікке статикалық және эволюциялық лингвистика бірнеше бөлімдермен нақтыланғаны белгілі. Олардың қатарында «Құндылықтармен немесе мағыналармен байланысқан ғылымдардың ішкі екіұдайылығы», «Ішкі екіұдайылық және лингвистика тарихы», «Мысалдармен сипатталатын екіұдайылық», «Салыстырылатын екі кластың арасындағы айырмашылық», «Әдістер мен ұстанымдарына сәйкес қарама-қарсы қолданыста болатын екі түрлі лингвистика» секілді т.б. мәселелер орын алған. Синхрондылық және диахрондылық мәселелері де осы бөлімдер қатарында аталады.

Жоғарыда Соссюр ойларынан келтірілген үзіндіге назар аударсақ, уақыт кез келген ғылымның даму жолында өз ізін, қолтаңбасын қалдыратынын анық байқаймыз. Дәл осы қатарда автордың мына тұжырымын да ескерусіз қалдыруға болмайды, ол: «мұндай радикалды екіұдайылық барлық ғылымда кездесе бермейді» (2) деген ой түйінінен өрбиді. Ғылымның тағы бір талдауына назар аударсақ, «Бұл екіұдайылық өзін экономикалық ғылымдарға міндеттей алады, себебі бұл жерде басқа ғылым салаларына қарағанда, саяси экономия мен экономикалық тарих арасында бір ғылымның өзара сабақтасатын, бірақ нақты өзгешеленетін нысандық айырмашылығы есепке алынады... Нәтижесінде экономистерге еріксіз ішкі қажеттілік заңдылығына бағынуға тура келеді» деген Фердинанд де Соссюрдің көзқарасы ғылыми талдаудың жаңа да маңызды бағытын өзекті мәселеге айналдырды деп айтуымызға болады. Ғылымдар екіұдайылығына салыстырмалы талдау жасау негізінде ғалым оның тілдік зерттеулерге де үйлесетінін ерекше бақылауға алды. Сөйтіп, зерттеуші тіл туралы ғылымды



екіұдайылық табиғаты айқын салалар қатарына жатқызды. Соссюр: «Мұндай қажеттілік лингвистиканы да өзіндік ұстанымы анық екі бағытта бөліп талдауға мүмкіндік береді. Саяси экономика сияқты тіл білімінде де біз құндылық ұғымымен бетпе-бет келеміз. Екі ғылым да әр түрлі реттегі заттарды бір жүйе аясында теңестіре алу мүмкіндігімен байланысты: біреуінде еңбек пен еңбекақы мәселелері байланысса, екіншісінде белгілейтін және белгіленетін ерекшеліктер сабақтасады» (2), – деп жалғастырды.

Бұл бөлініс еңбекте практикалық және абсолютті қажеттілікпен сипатталады. Сол арқылы мағыналар жүйесі не өз алдына жеке, немесе уақыт шеңберіндегі өзгерістер арқылы қарастырылады. Атап өткенде, лингвистика шартсыз және ымырасыз ғылымдар қатарына жатқызылды, сондықтан өзгелерге қарағанда тілшілер бұл шарттарға ерекше мән беру керек деп есептелді. Мағына заттар мен олардың табиғи қалпын сипаттайтын қатынастарында көрініс табады деп түсіндірілді. Осы сияқты экономикалық теңгерімді де белгілі бір уақыт аралығында және нақты бір сәтке негіздей бақылауға болады.

Ғылым атаулы қажет ететін маңызды мәселе – нақты координаталарын теңестіру. Айырмашылықтар келесі тізбекпен белгілену керек: біріншіден, бір деңгейдегі (бір уақыттағы) осьпен (AB), бұл кезде уақыттың араласуы міндеттелмейді; екіншіден, реттілік осімен (CD), бұл жағдайда тек бір ғана затты бір ғана уақыт өлшем бірлігімен бірлікте қарастыруға болады.

Құндылықтар жүйесі күрделі әрі қатал тәртіпке бағына қалыптасқан сайын оны екі осьтегі координаттарда қарастыру қиынға соғады. Соссюрдің ойынша, бұл қызметті тек тіл ғана атқара алады, өйткені тек тілде ғана өзара байланысқан нақты құндылықтарды және үлкен көлемдегі терминдерді кездестіруге болады. Осыған орай, олар әрі бір уақыттағы, әрі реттілікпен айқындалатын сипатқа ие. Айталық, әр түрлі кезеңдері мен әңгімелері сипаттауға арқау болатын саяси ғылымды оқу барысында студент тілді уақыт шеңберінде зерттеп жатырмын деп ойлауы мүмкін. Әсіресе белгілі бір кезең оқиғасын баяндау барысында бұл ойы беки түседі. Дегенмен бұл жағдайда тілді бір күйден екінші күйге ауыстыру керектігі дау тудырмайды. Нәтижесінде лингвистикада өзіндік әдіс-тәсілдермен және ұстанымдармен айқындалатын екі бағытты нақтылау қажеттігі туды. Келесі кезекте оларды қалай атауға болады деген сұрақ та туындайды. Осы мақсатта Соссюр «лингвистикалық тарих» пен «тарихи лингвистика» терминдерін салыстырып көреді. Олардың түбірлі айырмашылықтарына көз жеткізе алмайды, сол себепті авторлық қолданысқа эволюциялық лингвистика және статикалық лингвистика деген терминдер енгізіледі.

Тілдік фактілерді зерттеу барысында уақытпен өлшенетін реттілік заңдалықтары байқала бермейді. Тілдің белгілі бір жағдайын не ерекшелігін түсінуге талпынған тілші үшін кейде оның шығу тегі туралы ақпаратты елемеген де дұрыс деп танылады. Нақтырақ айтқанда, диахрондылық мәселелері бұл жағдайда есепке алынбайды, бұл фальсификация амалы деп те қабылдануы мүмкін. Соссюр: «Альпі тауларының панорамалық суретін салу кезінде оны Юра тау алабының әр қырынан бақылау қажеттігі болмас, суретші үшін оның тек бір ғана бейнесі маңызды болуы ықтимал. Тіл де сол сияқты. Тілші әрі оны сипаттау, әрі оның қолдану стандарттарын жасау мақсатын көздеуі алмайды, ол үшін тек бір ғана тілдік мәселенің құндылығы болады. Тілдің эволюциялық дамуын бақылап зерделеу кезінде ол бірте-бірте жылжып келе жатқан бақылаушы кейпін танытады...» (2), – деп атап көрсетті.

Соссюр қазіргі лингвистика толығымен тарихи фактілермен өзектеле отырып, диахрондылыққа негізделген деп есептеді. Мысал ретінде ол салыстырмалы үндіеуропа филологиясын қарастырады. Тілдің ең көне түрін қалпына келтіру үшін, ғалымдар өткен күннің материалдарын пайдаланады деп тұжырымдаған тілші «кейде салыстыру – тек өткенді жаңғырту құралы» деген ойды басшылыққа алады. Осы мақсатта тілдік немесе кішігірім топтарды зерттеу үшін салыстырмалы-тарихи әдістің қолданыста болатынын бәрі біледі, айталық: роман тілдер немесе герман тілдер тобын. Бұл бағытты кезінде Ф. Бопп бастаған компаративистер бекіткен еді. Ол бағыттағы зерттеулер синхронды сипатта болды. Мәселен, По-Рояль грамматикасын алып қарасаңыз, алғашқылар қатарында Людовик XIV тұсындағы француз тілінің ерекшелігін сипаттауға талпыныс жасалды. Ол үшін, әрине, орта ғасырдың материалы салыстыру үшін керек деп танылмады. Бұл жан-жақты болмаса да, дұрыс бағыттардың бірі деп есептелді.

Дәстүрлі грамматика кейде үлкен жүйені құрайтын тілдік бірліктердің барлығын дерлік ескере бермейді. Оған тіпті сөзжасам жүйесі де қызықсыз болып көрінетін. Бұл жүйенің нормаға сәйкестігін бағалай отырып, ғалымдар оған перспективалық сипат жетпейді деп тұжырым-



дады, себебі оның құрамында жазылған сөздер мен айтылған сөздер ажыратылмайды. Нәтижесінде дәстүрлі грамматика сынға ұшырады, оған ғылыми сипаты жоқ деген баға берілді. Соған қарамастан, Соссюрдің пікірінше, Боппқа қарағанда бұл бағыттың басымдығы да болды, өйткені Бопп лингвистикасының мақсаты жоқ деп таныды. Өз даму жолында лингвистика ғылым саласы ретінде тарихқа мән бере отырып, статикалық бағытқа дәстүрлі грамматика жолымен қайта оралады. Тек бұл кездегі түсінік жаңа бағытта, жаңа сипатта және өзге тілдік іс-шараларға сүйене қалыптасатын болады. Жасарудың бұл кезеңінде тарихи бағыттың ықпалы сезіліп тұрады. Синхрондылықтың басымдығы орын алған ескі лингвистиканың орнына тілдік жағдайлардың жаңа түсінігі келеді. Дегенмен жаңа бағыт диахрондылық пен синхрондылықтың сабақтастығын жоққа шығармай, олардың байланысынан туындайтын нәтижелерді жаңа қабылдаудан өткізу мақсатын көздейтін болады.

Дәлел ретінде төмендегідей иллюстрациялық мысалдарды келтіруге болады: «Сөз ішінде дыбыссыз е (э) болмаса, француз тілінде екпін ылғи соңғы буынға түседі. Бұл факт синхронды сипатқа ие, өйткені француз сөздері мен француз сөздеріне тән екпін мәселелерінің қатынас жиынтығы қарастырылуда. Бұл ерекшелік қайдан алынды? Өзіне дейінгі даму кезеңінен. Латын тілінде екпін жүйесі өзгеше болды. Сөздің соңғы буынының алдындағы буын ұзақ болса, сол буынға түсетін, ал қысқа болса, онда екпін соңынан есептегенде үшінші буынға ауысатын. Бұл заңдылықтың француз тілімен ешқандай байланысы жоқ. Әрине бір ғана ортақтықты байқауға болады: екеуі де екпін мәселесін қозғайды».

Жасалатын қорытынды: тіл дегеніміз – синхрондық ұйымдасуымен ескерілуге тиіс бөлшектерден тұратын жүйе, өйткені өзгерістер жүйені толығымен емес, оның жекеленген бөлшектерін қамтиды. Әр өзгерістің жүйедегі өз әсері болады. Дегенмен өзгерістер тек бір ғана ғылымның нысаны бола бермейтіні де анық.

Соссюрдің синхрондылық мен диахрондылық арасындағы оппозиция абсолютті және ымырасыз деген тұжырымына сүйене отырып, екеуінің ұстанымдары мен әдістерін толығымен ажырату керектігін ескертеміз. Соссюр тілдік құбылыстардың табиғатын уақыт шегінде сипаттап талдауға мүмкіндік бере келе, арнайы сипаттамалар жіктемесін ұсынуды жөн көрді. Осыған орай, жоғарыда аталған әдістердің айырмашылығын, Соссюр пікіріне сәйкес, төмендегідей мәселелермен айқындауға болады:

- біріншіден, синхрондылыққа бір ғана бағыт не сипат тән; оның зерттеу әдісі сөйлеушілерден материал жинай отырып, шындыққа ұласу деңгейін анықтауға негізделеді. Кейде тіпті сол тілдік элементтің санадағы көрінісін анықтау да жеткілікті болып жатады. Диахрондық лингвистика тілдік зерттеулерді екі бағытта талдауға негізделу керек – біреуі проспективті бағытта, яғни уақыт бағытымен үндес бір кезеңде; екіншісі – ретроспективті бағытта немесе кешегі уақыт өлшемдеріне бағыну;

- екіншіден, келесі айырмашылықтар бағыттардың зерттеу аясымен тығыз байланысты; синхронды зерттеулер бір кезеңдегі барлық фактілерді қамтымайды, бірақ әр тілге қатысты фактілердің барлығын назарда ұстауға тырысады. Керек кезде диалектілер мен субдиалектілер де ескеріледі, сондықтан кей жағдайларда синхронды деген терминнен гөрі идиосинхронды деген ұғымның аясы көбірек сәйкес келетіндей көрінеді. Оған қарама-қарсы үдеріс ретінде диахрондық лингвистика мұндай зерттеулерге бармайды. Кейде зерттеу нысанын құрайтын терминдер бір тілге қатысты бола бермейді. Мысалы: прото үнді-еуропалық, грек, неміс немесе француз тілдері. Диахрондық оқиғалардың жалғасы мен кеңінен таралуы оралымдардың түрлілігін тудырады. Екі пішіннің баламалы сипатын дәйектеу үшін, олардың тарихи байланысына назар аудару жеткілікті болып жатады.

Тіл білімінде заңдалық мәселесін қозғау кеңінен танымал. Тіл белгілі бір заңдарға бағына ма? Бағынса, ол қандай заңдар? – деген сұрақтардың туындауы да сөзсіз. Осы сұрақтарға жауап табу мақсатында Соссюр тіл әлеуметтік құбылыс болғандықтан, әрине, қоғамдастықтың бақылауын жүзеге асыратын реттеу ережелерін қажет етеді деген ойды басшылыққа алады. Бұл жерде әр әлеуметтік заңдылықтың екі сипатқа ие болатынын да ескеру керек. Біріншіден, заң қажет және ол жалпыға ортақ болуға тиіс. Екіншіден, ол белгілі уақыт аралығында және барлық жерлерде орындалуға міндеттеледі. Тіл заңдылықтары бұл сипаттамаларға сәйкес келе ме деген сұрақ туындайды. Жауап беру үшін, ең алдымен, синхрондық және диахрондық



мәселелерді ажыратып алу керек. Екі мәселені араластыруға да, шатастыруға да болмайды. Сонымен, синхрондық заңдылыққа сәйкес, ол ортақ, бірақ міндетті емес дедік, яғни реттілікті ұстап тұратын тілде ешқандай кепілдік беретін күш жоқ. Синхрондылық тек тілдің бір кездегі жай-күйін баяндап бере алады. Мәселен, бақшада отырғызылған ағаштардың шахматтық тәртіппен реттелгенін баяндау немесе латын акцентін реттейтін синхрондық заң қайталанбалы және тұрақсыз, өзге ережелерге орын беріп отыратын қасиеті бар, мысалы француз тілінің ықпалымен болатын өзгерістерді атауға болады. Ал диахрондылық динамикалық күшке ие деп танылады. Жүзеге асу тиімділігі де осы ерекшелікпен сипатталады. Дегенмен ғалым мұндай императивтілік жеткіліксіз деп есептеді. Құқық туралы тек көптеген фактілер бір ережеге бағынғанда айтуға болады деп ұғынылды, сондықтан диахрондылық жағдайлар кездейсоқ және нақты деп ажыратылып талданды.

Қорыта келе, Соссюр: «синхрондық фактілер бар болғанымен, қарсы заңдылықты байқатады. Олар міндетті емес. Диахрондық фактілер тілге міндеттеледі, бірақ оларға ортақтық тән емес» (2), – деп тұжырымдады. Ғалымның пікіріне сәйкес екеуі де заңмен реттелмейді. Оның астарында «заң» ұғымының мағыналық кеңістігі мен қолданыс аясы нақтылану керек деген тұжырым жасалынады. Осы уақытқа дейін бұл ұғым заң тіліндегі мағынасында қолданылып келді. Осыған орай, бірнеше сұрақтарды күн тәртібіне қою аса маңызды деп есептелді. Дәл осы мағынасында терминді тілге қатысты немесе физикалық және жаратылыстану ғылымдарында қолдануға бола ма? Басқаша айтқанда, тілді де панхрония тұрғысынан зерттеуге бола ма? Жауап – әрине, себебі фонетикалық өзгерістер болды және бола бермек, бұл – сөйлеу әрекетінің тұрақты сипаттамасы. Демек, бұл жерде де заңдар мен заңдылықтар туындайды. Тіл білімінде де шахматтағы сияқты ережелер бар. Олар нақты бір фактілерге тәуелсіз, бәріне ортақ болып табылады. Нақты заттарды айтқан кезде, біз панхрониялық көзқарасқа жүгіне алмаймыз. Әрбір фонетикалық өзгеріс белгілі бір уақыт аралығымен және территориялық немесе аймақтық шеңбермен шектеледі. Барлық өзгерістер барлық уақытта және барлық жерде болып жатады деп айта алмаймыз, өзгерістерге нақтылық және диахронды сипат тән.

Тіл ғылымындағы синхрондылық мен диахрондылық әдістері немесе ұстанымдары туралы әлі ұзақ баяндауға болады, сол арқылы тілде болып жататын эволюциялық не статикалық үдерістерді де сипаттайтын өлшемдер талдауын жалғастыруға болар еді, себебі бұл – ғылыми танымды шексіз мүмкіндіктермен қамтамасыз ететін аса құнды бағыттар. Соссюр атап өткендей, бұл бағыттар бір-бірімен үйлесімді сабақтастық құрай отырып, маңызды зерттеулерге жол ашатындықтан, оларды бөлек те, өз алдына дербес де қарастыруға болмайды. Тек тұтаса келе ғана синхрондылық пен диахрондылық кез келген ғылыми тұжырымдаманы бір уақыттық кесіндіде де, реттілікпен сараланатын кезең-кезеңдік даму үрдісінде де дәлелдей алады. Білімқұмар оқырман тіл табиғатының мүмкіндіктеріне терең барлай, оның материалдық немесе тұжырымдамалық ерекшеліктерін синтагмалық, яки ассоциативті баламалы сұрыптауда жүйелей алады деп ойлаймыз. Зерттеудің бұл амалдары бүгінгі күні қазақ тіл білімінде де, әдебиеттану саласында да кеңінен қолданылуда.

Келесі дәрісімізді біз Клод Леви-Стросстың еңбектеріне арнаймыз. Зерттеушінің көмегімен біз мифология әлеміне саяхат жасап, оның танымдық және ғылыми ұғымдарымен жақынырақ танысамыз. Сол кезде де Соссюрдің синхронды ұстанымдары «логикалық және психологиялық зерттеулердің» негізі ретінде, ал диахрондылық мәселелері «бір ғана ұжымдық санаға бағынбайтын, уақыт тізбегімен жылжи қалыптасатын қатынастарды дәйектуге мүмкіндік беретін» әдіс тұрғысынан сіздерге қызмет етеді деген үміттеміз.

### Бақылау сұрақтары

1. Ғылыми зерттеулердегі екіұдайылық мәселесі қалай анықталады?
2. Теңестірудің нақты координаталары керек пе? Қандай түрлері сізге таныс?
3. Статикалық лингвистика мен эволюциялық лингвистиканың айырмашылығы неде? Бұл терминдер қалай пайда болды?
4. Синхрондылық және диахрондылықтың әдіс-тәсілдері мен ұстанымдары қалай ерекшеленеді?





Кітап: Әдебиет теориясы: Антология, I

Дәріс: 14. Фердинанд де Соссюр «Жалпы лингвистика курсы» (жалғасы)

---

### Қолданылған дереккөздер

1. Фердинанд де Соссюр. Курс общей лингвистики.// Научный редактор М.Э. Рут. Екатеринбург, Издательство Уральского университета, 1999.
2. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 162–172 беттер.